

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 957 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 963 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен ұлттық жоба шеңберіндегі жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптаманы уақтылы жүргізуді қамтамасыз етсін.";

2) көрсетілген қаулымен бекітілген "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасында:

мазмұнында:

бесінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1-міндет. 2026 жылға дейін қалаларда және ауылдық елді мекендерде оқушы орындарының ағымдағы және болжамды тапшылығын жабу үшін кемінде 740 мың (екі ауысымда оқыту) жаңа оқушы орнын пайдалануға беру	
--	--

";

мынадай мазмұндағы жиырмамыншы жолмен толықтырылсын:

"

8-1-қосымша. "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде салынып жатқан орта білім беру ұйымдары объектілерінің елішілік құндылығы жөніндегі есеп	
---	--

";

"Паспорт" деген 1-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"1-бөлім. Паспорт

1	Атауы	"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы (бұдан әрі – ұлттық жоба)
2	Ұлттық жобаны әзірлеу негіздемесі	Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі

		қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы
3	Ұлттық жобаның мақсаты	Орта білім беру ұйымдарында авариялық мектептерді, үш ауысымда оқытуды және оқушы орындарының тапшылығын жою
4	Іске асыру мерзімі	2023 – 2025 жылдар
5	Ұлттық жобаны іске асыруға қажетті жалпы қаржыландыру көлемі	Барлығы: жайлы жағдайлар жасалған жаңа мектептерді салуға және ашуға 2385833740 мың теңге, оның ішінде жылдар бөлінісінде: 2023 жылы – 499999715 мың теңге ; 2024 жылы – 976394636 мың теңге ; 2025 жылы – 909439389 мың теңге .
6	Ұлттық жобаны әзірлеушінің атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі
7	Ұлттық жобаны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың атауы	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша), "Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамы (келісу бойынша),

		"Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (келісу бойынша).
8	Ұлттық жобаның жетекшісі	Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғ.Б. Бейсембаев
9	Ұлттық жобаның кураторы	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Р.В. Скляр
10	Күтілетін нәтижелер	<p>1) 2026 жылға дейінгі мерзімде кемінде 740000 жаңа оқушы орнын (екі ауысымда) ашу арқылы орта білім беру ұйымдарындағы оқушы орындарының тапшылығын, үш ауысымда оқытуды және авариялық жағдайды жою;</p> <p>2) көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын, оның ішінде білім беру процесіне қатысушылардың жабдыққа, зертханаларға, Интернетке қол жеткізуіндегі теңгерімсіздікті (өңірлер арасындағы, ауыл мен қала арасындағы) жою арқылы арттыру, сондай-ақ қолайлы жағдайлар жасау;</p> <p>3) 2025 жылы орта білім беру саласы бойынша негізгі капиталға салынатын инвестициялар – 109 % (2021 жылғы деңгейге нақты өсу %);</p> <p>4) 2026 жылға қарай орта білім беру объектілерін салу есебінен кемінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> - 53,5 мың уақытша жұмыс орнын; - 41,7 мың тұрақты жұмыс орнын ашу

".

;"
"Ұлттық жобаның мақсаты мен міндеттері" деген 3-бөлімде:

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"1-міндет. 2026 жылға дейін қалаларда және ауылдық елді мекендерде оқушы орындарының ағымдағы және болжамды тапшылығын жабу үшін кемінде 740 мың (екі ауысымда оқыту) жаңа оқушы орнын пайдалануға беру.

Ұлттық жоба бойынша орта білім беру ұйымдарының объектілерін жобалауды Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі – ҚІК) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп әзірлеген 300, 600, 900, 1200, 1500,

2000, 2500 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептерді жобалауға арналған тапсырмаларға (ұлттық жобаға 1 – 7-қосымшалар) сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру жөніндегі үйлестіруші – "Samruk-Kazyna Construction" АҚ дирекциясы (бұдан әрі – дирекция) жүзеге асырады.";

жетінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"қайтадан қолдану үшін мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысымен ұлттық жобаның бірыңғай стандарты бойынша 37 жобалау-сметалық құжаттама (бес климаттық/ сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған

1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) (бұдан әрі – ЖСҚ) әзірлеуі, қайтадан қолданылатын жобаларды жергілікті жермен байланыстыруы;"

он сегізінші бөлік алып тасталсын;

жиырма екінші бөлік мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамы дирекцияға телекоммуникация желілерінің телефон кәрізінде кабель қосу/төсеу үшін техникалық шарттарды өтеусіз негізде ұсынады.";

жиырма төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектептерде бастауыш сыныптар, негізгі және орта мектеп үшін бөлек аймақтары бар асхана, спорт залдары (бөлек блоктарда мектепалды даярлық сыныбы мен 1 – 4-сыныптар, 5 – 11-сыныптар үшін спорт залдарының саны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес есептеледі) орналасқан бөлек блоктар болады. Әр білім алушы үшін жеке шкафтар, мобильді трансформер парталар орнату көзделеді. Әрбір қабатта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) көзделген мөлшерде "ауыз су бұрқағы" көзделеді.";

жиырма сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектептер "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес, сондай-ақ жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес заманауи жиһазбен және жабдықтармен жаратқандырылады. Әрбір оқу кабинеті үшін техникалық оқыту құралдарының ең аз жиынтығы (жиынтықта микрофон-телефон гарнитурасы мен web-камерасы бар Интернетке кіру мүмкіндігі бар дербес компьютер, интерактивті панель, КФҚ) айқындалады.";

жиырма тоғызыншы және отызыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Мектептердің аумағында көлеңкелі қалқалары мен шағын сәулет нысандары бар тыныш демалуға арналған алаңқайлар, көше коворкингін, тартанмен қапталған көпфункционалды алаңқай (волейбол, баскетбол, футбол (қыс мезгілінде хоккей кортына айналдыру мүмкіндігімен (Абай, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстары, Астана қаласы аумағындағы мектептер үшін), теннис кортын, жүгіру жолын, ойлы-қырлы жерлермен жүгіруге арналған жол), оның ішінде бастауыш сыныптар блогының жанында орналасқан қимыл ойындарға арналған аймақтарды орналастыру көзделген.

Объектілерді салу кезеңінде дирекция құрылыс барысын мониторингтеуге арналған ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, онда пайдаланушылардың кең ауқымы үшін құрылыс алаңдарының бейнетрансляциясы мен фотоесеп функциясы болады.";

отыз төртінші және отыз бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

"Дирекция жобалауға арналған тапсырмалар негізінде ЖАО мектеп салу үшін бөлген жер учаскелерімен одан әрі байланыстыру үшін 37 ЖСК (бес климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) әзірлейді.

ЖАО құрылыс басталған кезден бастап білім беру саласындағы құзыретті мамандар қатарынан объектінің құрылысын, оның жиһазбен және технологиялық жабдықтармен жарақтандырылуын қадағалайтын, объект құрылысы аяқталатын мерзімге қарай педагогикалық құрамды іріктеу бойынша алдын ала жұмыс жүргізетін тұлғаны айқындайды.";

"Ұлттық жобаны қаржыландыру" деген 4-бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бөлім. Ұлттық жобаны қаржыландыру

Ұлттық жобаны іске асыруға 2023 – 2025 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2385833740 мың теңге бөлу көзделген (2023 жылы – 499999715 мың теңге, 2024 жылы – 976394636 мың теңге, 2025 жылы – 909439389 мың теңге).

Көзделген жалпы қаржыландыру көлемі мыналарға бағытталады:

1) жаңа жайлы мектептерді салуға және ашуға (жаңа оқушы орындарын пайдалануға беру және технологиялық жарақтандыру) – 2139146855 мың теңге;

2) жаңадан пайдалануға берілген мектептерді күтіп-ұстауға – 246686885 мың теңге.

Ұлттық жоба шеңберінде мектептерді салуға және технологиялық жарақтандыруға арналған бюджет қаражатының көлемі мектептер құрылысының алдын ала құны негізінде айқындалған.

2022 жылдың ағымдағы бағалары бойынша бір оқушы орнының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге, салуға және технологиялық жарақтандыруға жұмсалатын шығындардың болжамды құны (бұдан әрі – бір оқушы орнының құны) орта білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуатына қарай:

- 300 білім алушыға – 8392 мың теңгені;
- 600 білім алушыға – 6817 мың теңгені;
- 900 білім алушыға – 5392 мың теңгені;
- 1200 білім алушыға – 4886 мың теңгені;
- 1500 білім алушыға – 4271 мың теңгені;
- 2000 білім алушыға – 4258 мың теңгені;
- 2500 білім алушыға – 3692 мың теңгені құрайды.

Ұлттық жобада орта білім беру ұйымы объектісінің жобалық қуатына қарай бір оқушы орнын салуға және технологиялық жарақтандыруға жұмсалатын шығындардың құны Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне, атап айтқанда баға белгілеу және сметалар жөніндегі ҚР ББСБНҚ

8.04-07-2022 "Құрылысқа арналған құн индекстері" нормативтік құжаттарына сәйкес индекстеу ескеріле отырып көзделген.

Ұлттық жобаны уақтылы іске асыру мақсатында қайтадан қолдану үшін мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысы бар ұлттық жобаның бірыңғай стандарты бойынша 37 ЖСҚ (бес климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) әзірлеуге және қайтадан қолданылатын жобаларды жергілікті жерге байланыстыруға арналған шығындар ұлттық жобаны іске асыруға бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

ЖСҚ әзірлеуге арналған шығыстар бір оқушы орнын салуға жұмсалатын шығындардың құнына кіреді.

Ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары ұлттық жобаға 12-қосымшада көрсетілген.";

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасына 8-қосымшада көрсетілген "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларында:

7-тармақтың 2) тармақшасында:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"ЖАО-мен және дирекциямен келісу бойынша дирекцияның мердігер ұйымдарының күшімен орта білім беру ұйымы объектісін салуға жоспарланып отырған жер учаскесін инженерлік коммуникацияларға қосу жөніндегі

жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуге және құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындауға жол беріледі, жұмсалған шығыстар тиісті ЖАО қаражаты есебінен дирекция арқылы өтеледі.";

үшінші бөлік алып тасталсын;

8-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) орталық/дербес инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға қосылуды не дирекцияның мердігер ұйымы шеккен, құны бұрын дирекция мен ЖАО арасында келісілген осындай шығыстарды төлеуді;"

9-тармақта:

1) тармақшаның алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"толығымен" жобалау және салу жөнінде жасалған кешенді жұмыстар шарттары шеңберінде жиһаз өнімдерін "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының тізіліміндегі және/немесе "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының отандық өндірушілер тізіліміндегі ("СТ-KZ" нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификат және/немесе индустриялық сертификат негізіндегі салалық тізілім) жеке және заңды тұлғалардан ғана сатып алуды;"

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсетуді.

Шетелдік жиһаз өнімдерін сатып алуға нарықта отандық тауар өндірушілер шығаратын жиһаз өнімдерінің осы түрлері болмаған жағдайда ғана жол беріледі.

Нарықта отандық тауар өндірушілердің жиһаз өнімдерінің болмауы тиісті жолданым келіп түскен кезден бастап он жұмыс күні ішінде берілетін өндірісті дамыту саласындағы уәкілетті органның қорытындысымен расталады;"

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) жобалық-сметалық құжаттамаларға сәйкес салынып жатқан объектілерді монтаждауға, жарактандыруға жататын жиһаз өнімдерін, құрылыс материалдарын, бұйымдарды, конструкцияларды, жабдықтарды шығаратын отандық өндірушілермен өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттар, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың жалпы көлемінің ақшалай көріністе кемінде 10 %-ын құрайтын офтейк-келісімшарттар жасасуды;

3-2) ақпараттық жүйеде орналастырылатын ұлттық жобаға 8-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде салынып жатқан орта білім беру ұйымдары объектілерінің елішілік құндылығы бойынша есеп беруді;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) 2023 жылғы 1-тоқсаннан кешіктірмей ұлттық жоба шеңберіндегі объектілердің құрылысы толық аяқталғанға дейін барлық мүдделі тараптар мен жұртшылық үшін кең

қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, объектілер құрылысы барысының мониторингі бойынша ақпараттық жүйені (бейнебақылау, фотоесептер, ҚМЖ барысына автоматтандырылған мониторинг, инжинирингтік көрсетілетін қызметтердің, елішілік құндылықтың электрондық есептері) енгізуді және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.";

мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

"10. Жұмыс істеуін дирекция қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің жобалық офисімен келісу бойынша барлық мемлекеттік органдар және ұйымдар үшін ұлттық жобаны іске асыру жөніндегі ақпараттың және осы Қағидалардың 9-тармағының 2), 3), 3-1), 3-2) тармақшаларында көрсетілген деректердің ресми көзі болып табылады.

Дирекция жұмыс істеп тұрған ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін, толтырылуын, ақпараттық жүйеге жүктелетін деректердің анықтығын және өзектілігін қамтамасыз етеді.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Орта білім беру ұйымының салынып жатқан объектісіне жобалау-сметалық құжаттама Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасынан міндетті түрде өтуге жатады, сонымен бірге нәтижелері бойынша мұндай құжаттаманың ұлттық жобаның талаптарына сәйкестігі/сәйкес келмеуі белгіленеді.";

15-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. ЖАО және дирекция бекіткен бюджеттік инвестициялық жобалардың тізбесі бойынша ұлттық жоба шеңберінде орта білім беру ұйымдарының объектілерін салу бойынша жұмыстар кешенін (жобалау-ізвестіру жұмыстары, құрылыс-монтаждау жұмыстары) және көрсетілетін қызметтерді (авторлық және техникалық қадағалау) жүзеге асыруға арналған шарт (тиісті қосымшаларымен) және жобаны басқару жөніндегі көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыруға арналған шарт жасасады. Жасалатын шарттар мынадай міндетті талаптарды көздейді:";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Дирекция 2023 жылғы 31 наурызға дейінгі мерзімде мектептерді салу кезінде қайтадан қолдану үшін мемлекеттік сараптама ұйымының ведомстводан тыс кешенді сараптамасының оң қорытындысымен бірге ұлттық жобаның бірыңғай стандарты бойынша 37 ЖСҚ (бес климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 6 мектеп типі бойынша, бір климаттық/сейсмикалық аймаққа арналған 2500 оқушы орнына арналған 1 мектеп типі бойынша, 6 жеке жоба) әзірлеуді қамтамасыз етеді.";

"Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасына 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 12-қосымшалар осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 9, 10, 11-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес "Жайлы мектеп" білім беру саласындағы пилоттық ұлттық жобасына 8-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2023 жылғы 31 қазандағы
№ 957 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2022 жылғы 30 қарашадағы
№ 963 қаулысымен бекітілген
"Жайлы мектеп" білім беру
саласындағы пилоттық
ұлттық жобасына
1-қосымша

300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға арналған тапсырма _____ (объектінің атауы және орналасқан орны)

Р/с №	Негізгі деректер мен талаптардың тізбесі	Көрсеткіш, талаптар, шарттар
1	2	3
1	Әзірленетін жобалау құжаттамасының атауы	"300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептің құрылысы" жұмыс жобасы
2	Жобалау құжаттамасына тапсырыс беруші	
3	Жобалау құжаттамасын әзірлеуші	Конкурс бойынша айқындалады
4	Әзірлеу үшін негіздеме	
5	Жобалау және құрылыс түрі	Жұмыс жобасы. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объект
6	Жобалау кезеңділігі	Бір сатылы – жұмыс жобасы
7	Нұсқалық әзірлеуге қойылатын талап	Талап етіледі. Алдын ала сәулет-жоспарлау шешімдерін (нобайлық жоба) жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен келісу _____
8	Құрылыстың ерекше шарттары	Климаттық кіші аудан – _____ Құрылыс алаңының сейсмикалығы – _____

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері бар негізгі сипаттамалар

Мақсаты

Толық жинақты мектептер салу есебінен білім алушыларға жайлы білім беру ортасын құру.
Басымдық міндеттері:
балалардың қалыптасуы мен дамуы үшін жайлы білім беру ортасын құру;
элеуметтік-психологиялық климатты үйлестіру;
балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету;
балаларды сапалы тамақпен қамтамасыз ету;
балалардың дене дамуын сапалы жағдайлармен қамтамасыз ету;
балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау;
оқушы орындарының тапшылығын жою;
балалардың мектепте қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;
кедергісіз ортаны қамтамасыз ету;
коммуникациялық қолжетімділік;
әртүрлі сәулет ортасын құру;
объектіні салу кезінде инновациялық технологияларды қолдану.

Бағыты

Бір ауысымда 300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектеп. Оқыту түрі – екі ауысымды.
Үш деңгейлі білім беру бағдарламаларына сәйкес жалпы білім беру процесін жүзеге асыруды қамтамасыз ету:
1-деңгей – бастауыш білім беру (1-ден 4-сыныпқа дейін);
2-деңгей – негізгі орта білім беру (5-тен 9-сыныпқа дейін);
3-деңгей – жалпы орта білім беру (10-11 сыныптар).
Жалпы білім беретін ұйымдарда бір ауысымда оқу кезінде кіші және орта мектеп жасындағы білім алушылардың 100 %-ы үшін және жоғары мектеп жасындағы білім алушылардың 75 %-ына дейін орындар санын көздеу.

		<p>Сыныптардың толымдылығы – 25 білім алушы.</p> <p>Жер учаскесінің ауданын 3.01-101 ҚР ҚҚ қала құрылысының ережелеріне сәйкес қабылдау қажет</p>
	Қабаттылығы	<p>2.03-30-2017 "Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс" ҚР ҚҚ-ның 9.2-кестесіне, 3.02-111-2012*</p> <p>ҚР ҚҚ-ға сәйкес</p>
	Үй-жайдың биіктігі	<p>3.02-111-2012* "Жалпы білім беру ұйымдары"</p> <p>ҚР ҚҚ-ға, 3.02-107-2014* "Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар" ҚР ҚҚ-ға сәйкес</p>
10	Ғимараттың көлемдік-жоспарлау шешіміне қойылатын негізгі талаптар	<p>Оқу үй-жайларын санитариялық нормаларға сәйкес жобалау.</p> <p>3.02-11-2011* "Жалпы білім беру ұйымдары"</p> <p>ҚР ҚН-ға, 3.02-111-2012* ҚР ҚҚ-ға, 3.02-07-2014*</p> <p>"Қоғамдық ғимараттар мен құрылыстар" ҚР ҚН-ға, 3.02-107-2014* ҚР ҚҚ-ға сәйкес бастауыш, орта және жоғары сынып білім алушыларын қабат бойынша шартты түрде орналастыру арқылы оқу аймақтарын блокпен орналастыруды қамтамасыз ету.</p> <p>Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары.</p> <p>Үй-жайлардың ауданын 3.02-11-2011* "Жалпы білім беру ұйымдары" ҚР ҚН-ға, 3.02-111-2012*</p> <p>ҚР ҚҚ-ға және келісілген нобайлық жобаға сәйкес қабылдау</p> <p>.</p> <p>Техникалық үй-жайлардың ауданын Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына және келісілген нобайлық жобаға</p>

		сәйкес есептеулер бойынша қабылдау
11	Үй-жайлардың құрамы	<p>Осы жобалауға арналған тапсырмаға қосымшаға сәйкес.</p> <p>Білім алушыларға арналған киім ілетін орындардың орнына сыртқы киімдерді, ауысымды аяқ киімдерді және оқулықтарды сақтауға арналған жеке шкафтарды көздеу.</p> <p>Орталық баспалдақпен біріктірілген бос уақыт орталығын көздеу.</p> <p>Жабдықпен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес қабылдау</p>
12	Конструкциялық шешімдерге, тіреу және қоршау конструкцияларының материалдарына қойылатын негізгі талаптар	Жұмыс жобасын ҚР ҚЖ EN (ұлттық қосымшалары бар еурокодтар) және 2.03-30-2017* " Сейсмикалық аймақтардағы құрылыс" ҚР ҚҚ-ға сәйкес әзірлеу
	Сәулет-жоспарлау шешімдеріне, ішкі және сыртқы әрлеуге қойылатын негізгі талаптар	<p>Пайдалану және заманауи эстетикалық талаптарға сәйкес келетін индустриялық өндірістің үнемді материалдарын көздеу.</p> <p>Сыртқы және ішкі жұмыстар кезінде керамогранит қолданылады, бағасы бірдей болса оны гранитпен/мәрмәрмен ауыстыруға болады</p>
	Шатырлар, жабын	3.02-37-2013 "Шатырлар мен жабындар" ҚР ҚН, 3.02-137-2013* ҚР ҚҚ талаптарына сәйкес
		<p>Дәліздер, рекреациялар, вестибюльдер, тамақтану залдары – жұмыс жобасына сәйкес құрамдастырылған.</p> <p>Оқу үй-жайлары – бояуға арналған ашық төбе.</p> <p>Киім ілетін орындар, әкімшілік үй-жайлар, персонал бөлмелері, күзет үй-жайлары, диспетчерлік бөлмелер – жұмыс жобасына сәйкес.</p>

	Төбелер	<p>Жеке жаттығулар аймағы – акустикалық панельдер.</p> <p>Ас үйдің өндірістік үй-жайлары – сулы дисперсиялы жуылатын акрилді бояу.</p> <p>Тамбурлар – гипсокартон.</p> <p>Санитариялық тораптар – жұмыс жобасына сәйкес рейкалы төбе.</p> <p>Медпункт – жұмыс жобасына сәйкес жақтаудағы 600x600 перфорацияланған плиталар</p>
	Терезелер, витраждар	<p>Оқу кабинеттері, сыныптар, қызметтік және тұрмыстық үй-жайларда – ПВХ-дан жасалған металл-пластик.</p> <p>Негізгі кіреберістердің, спорт залдарының, асхананың витраждары – өртке қарсы нормаларға сәйкес алюминий қорытпаларынан.</p> <p>Техникалық регламентке және қолданыстағы нормаларға сәйкес әйнектеу</p>
	Терезе тақталары	Пластикалық
	Есіктер	<p>Сыртқы есіктер. Негізгі кіреберістер – МЕМСТ 23747-88 бойынша алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер.</p> <p>Эвакуациялық шығу, баспалдақ алаңдарынан, оқшаулағыштан, ас үй үй-жайларынан, шеберханалардан шығу – МЕМСТ 23747-88 бойынша алюминий қорытпаларынан жасалған есіктер.</p> <p>Техникалық жерүңгір есіктері – болат.</p> <p>Ішкі есіктер. Сыныптар, оқу кабинеттері, шеберханалар, зертханалар және зертханашы бөлмесі – HPL, CPL, SPL және фан-лайн, ПВХ (вандализмге қарсы, тозуға төзімді) жабындармен қапталған қос есікті ағаш есік блоктары.</p> <p>Әкімшілік кабинеттер мен үй-жайлар, мұғалімдер бөлмелері – вандализмге қарсы жабыны бар ағаштан.</p> <p>Киім ауыстыратын бөлмелер, дәретханалар, жинау мүқәммалына арналған үй-жайлар, асхананың өндірістік үй-жайлары</p>

		<p>және т.б. – тұрғын және қоғамдық ғимараттарға арналған МЕМСТ 6629-88 бойынша ішкі ағаш есіктер.</p> <p>Техникалық үй-жайлар (электр қалқаны, жылу пункттері, су өлшегіш тораптар) – МЕМСТ 31173-2016 бойынша болат есік блоктары.</p> <p>Бас кіреберістердің, спорт залдарының, асхананың витраждары – өртке қарсы нормаларға сәйкес алюминий қорытпаларынан.</p> <p>Есік блоктары – МЕМСТ сәйкес болаттан.</p>
Едендер		<p>Дәліздерде, рекреацияларда, вестибюльдерде, киім ілетін орындарда, асхана залдарында, оранжереяларда, тамбурларда – беті сырғанамайтын керамогранит /гранит/мәрмәр.</p> <p>Оқу үй-жайларында, кабинеттерде, мұғалімдер бөлмесінде, зертханаларда – коммерциялық линолеум.</p> <p>Жеке жаттығулар аймақтары, амфитеатрлар –ковролан.</p> <p>Спорт залдары – эмбебап спорттық жабын, снарядтық – тозуға төзімді арнайы бояу.</p> <p>Еден жабыны тайғанамайтын болуы тиіс.</p> <p>Шеберханалар – беті тайғанамайтын керамогранит.</p> <p>Серверлік бөлме – биіктігі 250 мм қуыседен.</p> <p>Зертханалары бар компьютерлік кабинеттер, физика, химия, биология кабинеттері – коммерциялық линолеум.</p> <p>Венткамералар – қорғаныш бояу.</p> <p>Кіру топтары, кіреберістер, пандустар – көлденең беттерде қалыңдығы кемінде 30 мм беті тайғанамайтын гранит/мәрмәр, тік беттерде қалыңдығы кемінде 20 мм – жылтыратылған, құрамы күшейтілген желіммен тегістелген беттерде.</p> <p>Тұрмыстық үй-жайлар, ас үйдің өндірістік үй-жайлары, персонал бөлмелері, күзет үй-жайлары,</p>

		қосалқы үй-жайлар, санитариялық тораптар, жинау мүкәммалына арналған үй-жайлар – беті тайғанамайтын керамикалық тақташа/керамогранит. Медициналық мақсаттағы үй-жайларда –қолданыстағы нормативтердің талаптарына сәйкес (гомогенді синтетикалық, керамикалық тақталар және т.б.). Техникалық жерүңгір, жертөле – қорғаныш бояу жағылған, керамикалық тақташа/керамогранит
	Баспалдақтар мен баспалдақ алаңдары	Керамикалық тақташа, беті тайғанамайтын керамогранит/гранит/мәрмәр
	Лифтілер	Халықтың жүріс-тұрысы шектеулі топтарының қолжетімділігі ескерілген лифтілер
	Сыртқы әрлеу	Сыртқы қасбеттерді әрлеу – жергілікті атқарушы органмен келісілген нобайлық жоба бойынша. Нобайлық жобаны тапсырыс берушінің қарауына ұсынған кезде өңірлердің климаттық және сейсмикалық жағдайларын ескере отырып, негізінен отандық өндірістің заманауи материалдарынан жасалған сыртқы әрлеу нұсқаларын ұсыну
	Ішкі әрлеу	Зертханалар, тұрмыстық үй-жайлар, ас үйдің өндірістік үй-жайлары, персонал бөлмелері, қосалқы үй-жайлар, санитариялық тораптар, жинау мүкәммалына арналған үй-жайлар, медициналық блок үй-жайлары – керамикалық тақташа, майлы бояу. Басқа үй-жайларда – су эмульсиялық бояу
	баспалдақ қоршауы	екі деңгейлі қоршаулары бар металл қоршау
	төсеніш	бетон негізіндегі төсемтас (жобада айқындалады)
	қоқыс құбыры	көзделмесін
		Жылумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, телефондандыру, сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін Қазақстан

Республикасының аумағында қолданылатын нормативтерге сәйкес орталықтандырылған желілерден қабылдау. Орталықтандырылған коммуникациялар болмаған жағдайда жеке шешімдерді қолдану. Жылумен жабдықтау үшін қатты, сұйық, газ тәрізді отындағы автономды қазандықтарды қолдануға рұқсат етіледі.

ЖЖЖК, СК, ЭЖНҚ, ӨТЖ бөлімдерін Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтерге сәйкес орындау.

Жылыту:

Жылыту және желдету:

Сорғыларды жиілік түрлендіргіштерімен орнату. Экономикалық тиімділік үшін жылыту жүйелеріне құбырлы жылу окшаулағышын қолдану. Жылу-техникалық есептеулерге және жылумен жабдықтау көздеріне сәйкес жылыту жүйесінің температуралық графигі – 85-60.

Желдету:

Мектептің желдету жүйелерін Қазақстан Республикасының нормативтік талаптарына сәйкес механикалық ағынмен, механикалық сорғышпен және табиғи желдетумен орындау.

III және IV климаттық аймақтарда ауаны рекуперациялайтын (асхана және акт залдарында), жылы мезгілде салқындататын механикалық ынталандырумен ағынды желдету жүйелерін көздеу. Тоңазытқыш қондырғы ретінде компрессорлық-конденсациялық блоктарды қабылдау.

Су құбыры және кәріз:

Әртүрлі функционалды мақсаттағы үй-жайлар үшін сумен жабдықтауды және кәрізді тиісті нормативтік талаптар мен технологиялық тапсырмаларды ескере отырып орындау.

Төменгі сыныптардың білім алушылары үшін балалар санитариялық аспаптарын көздеген жөн. Халықтың жүріс-тұрысы шектеулі топтары үшін арнайы раковиналармен, унитаздармен және араластырғыштармен жабдықтау. Ас залдары, асханалар маңындағы жуынатын үй-жайларда қондырмалы раковиналарды қолдану.

Асхана үшін жеке электр энергиясы, суық және ыстық су есептегіштерін көздеу.

Орталықтандырылған сумен жабдықтау және кәріз жоқ жерлерде жұмыс жобасына сәйкес су мен септиктерге арналған резервуарлар көзделеді.

Электрмен жабдықтау:

Электрмен жабдықтаудың сенімділігін қамтамасыз ету дәрежесін ҚР ЭҚЖҚ-ға, 4.04-106-2013* "Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың электр жабдықтары. Жобалау қағидалары" ҚР ҚҚ-ға сәйкес қабылдау.

Электрмен жарықтандыру және күштік электр жабдығы

Электр құрылғылары мен электр жабдықтарын 4.04-106-2013* ҚР ҚҚ-ға, 3.02-111-2012* ҚР ҚҚ-ға сәйкес әзірлеу.

Электрмен жабдықтаудың сенімділік дәрежесі бойынша мектептің электр энергиясын тұтынушылар ІІ санаттағы тұтынушыларға жатады. Мектеп ғимаратына кіргізімде электр қалқандарында автоматты түрде резерв қосылатын (АРҚ) кіру-тарату құрылғысы (КТҚ) және шығатын желілерде автоматты ажыратқыштар көзделуі тиіс. Асхана үшін жеке ҚТҚ көздеу.

Электрмен жабдықтаудың сенімділігі (эвакуациялық жарықтандыру) бойынша І ерекше санаттағы электр қабылдағыштар үшін дизельді-генераторлық қондырғыдан (ДГК) қосымша қоректендіруді көздеу.

Электр энергиясын есепке алуды есептегіштермен оларды коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінде (ЭКЕАЖ) пайдалану мүмкіндігін көздеу.

Мектеп ғимаратының күштік электр жабдығы сантехникалық жабдық, байланыс жүйелерінің жабдығы, сондай-ақ технологиялық мектеп жабдығы, кір жуу және асхана жабдығы болып табылады. Барлық күштік жабдықтарды қоректендіруді сабақтас бөлімдердің тапсырмасына сәйкес орындау. Күштік жабдықтарды тарату және топтық желілерін топтық төсеу кезінде жалын таратпайтын, түтін мен газды аз бөлетін және жану өнімдерінің уыттылығы төмен кәбілдермен орындау.

Мектептің өртке қарсы жүктемесін қоректендіру үшін отқа төзімді, топтық төсеу кезінде жалын таратпайтын, түтін мен газды аз бөлетін және жану өнімдерінің уыттылығы төмен мыс талсымдары бар кәбілдерді қолдану.

Жарықтандырудың мынадай жұмыс;

авариялық (резервтік және эвакуациялық) түрлерін көздеу.

Барлық жарықтандыруға арналған шырағандардың типтерін үй-жайлардың сипаттамаларына байланысты қабылдау.

Жарықтандыру құрылғылары ретінде энергия үнемдейтін жарық диодты шамдары бар шырағандарды пайдалану.

Авариялық және эвакуациялық жарықтандыруды өрт қауіпсіздігі жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес көздеу.

Үй-жайларды электрмен жарықтандыруды басқаруды: негізгі дәліздер мен баспалдақ торлары үшін –

Инженерлік жабдыққа, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау және кәріз бен байланыс жүйелерінің жағдайына қойылатын талаптар

орталықтандырылған, күзет үй-жайы жұмыс орнынан басқарылатын;
қалған үй-жайлар үшін – кіреберісте санитариялық талаптарға сәйкес ажыратқыштары бар жергілікті етіп орындау.

Топтық жарықтандыру желісін топтық төсеу кезінде жалын таратпайтын, түтін мен газды аз бөлетін және жану өнімдерінің уыттылығы төмен мыс талсымдары бар кәбілдермен орындау.

Күштік және жарықтандыру желілерін төсеу әдісін жобада айқындау.

Автоматтандыру:

Жобада инженерлік жабдықты автоматтандырудың мынадай кіші жүйелерін:

жылу пунктін;

шаруашылық-ауыз су және өртке қарсы су құбырларының сорғы қондырғыларын;

электр жетегі бар ысырмаларды; механикалық ағынды-сорғылы желдетуді көздеу.

Инженерлік тораптарды диспетчерлеу

Мына жүйелерді:

жылумен жабдықтау және ыстық сумен жабдықтау жүйелерін (БСЖ);

шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау жүйелерін;

мәжбүрлі желдету жүйелерін бақылау үшін диспетчерлік бөлмені көздеу.

Еркін бағдарламаланатын контроллер мен дискретті және аналогты енгізуді кеңейту модульдерін көздеу (қажет болған жағдайда).

Контроллер мен жабдық арасында мынадай бақылау сигналдарын беруді көздеу:

сорғылардың жұмыс режимі (қолмен-токтатым-авто);

жұмыс мәртебесі – сорғылар контакторларынан;

сорғылар авариясы;

RS-485 интерфейсі арқылы температуралық датчиктердің деректері;

қысымды құбырлардағы қысым; кері құбырдағы температура датчигінен алынған деректер;

ССЖ жеткізуші құбырдың кіргізіміндегі қысым датчигінен алынған деректер.

Найзағайдан қорғау

2.04-103-2013* "Ғимараттар мен құрылыстарды найзағайдан қорғау құрылғысы" ҚР ҚҚ-ға сәйкес әзірлеу.

Байланыс желілері

3.02-10-2010 "Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың байланыс, сигнализация жүйелерінің және инженерлік жабдықтарын

диспетчерлендірудің құрылғылары. Жобалау нормалары" ҚР ҚНЖЕ-ге,

3.02-111-2012* "Жалпы білім беру мекемелері"

ҚР ҚҚ-ға сәйкес әзірлеу.

Құрылымдалған кәбілдік жүйені (ҚКЖ) көздеу. Ақпараттық розеткалардың барлық ажыратқыштары 6-санатқа сәйкес келуге және ISO/IEC 11801 стандартының талаптарын қанағаттандыруға тиіс.

IP-бейнебақылауды (ББЖ) көздеу. Бейнебақылау жүйесі: құқық қорғау органдарының жедел басқару орталығының жүйесіне қосылу мүмкіндігімен адамдар көп жиналатын орындарды, ғимараттарға кіреберістерді, дәліздерді және қабаттардағы холлдарды бақылауға тиіс.

Объектіні тұрақты бақылау үшін орталық күзет бекетінде бейнебақылау терминалын көздеу қажет. Бейнебақылауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы

қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес жобалау.

Қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесін (ҚББЖ) әзірлеу: Техникалық үй-жайларға (су өлшеу торабы, жылу торабы), серверлік бөлмеге, электр қалқанына, бухгалтерия кабинетіне, қару-жарақ бөлмесіне, шатырға шығу орындарына қол жеткізуді шектеу үшін. Блоктар бойынша кіші, орта және жоғары сыныптар арасында қол жеткізуді шектеуді көздеу.

АӘД кабинетінде, информатика кабинетінде, медиатекада, химия, физика, биология және зертханашылар кабинеттерінде күзет дабылын (КД) көздеу.

Адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйесі (ҚЭБЖ) Қазақстан Республикасының аумағындағы қолданыстағы нормаларға сәйкес жобалануға тиіс.

Спутниктік телевизияны ұжымдық қабылдау желісін көздеу.

Шатырда антенна орнату орнын 3.02-10-2010

ҚР ҚНЖЕ 7.2.1 – 7.2.4-тармақтарын сақтай отырып, тікелей көрінуді қамтамасыз ете отырып айқындау.

Электрлік сағаттіркеу және қоңырау дабылы (ТЖ).

Уақытты бір көзден синхрондау мүмкіндігі бар электрлік сағаттіркеуді орнатуды көздеу.

Екінші сигналдық сағаттар дәліздерде орнатылады және белгілі бір уақытта мектепте қоңырау дабылының іске қосылуын қамтамасыз ете отырып, бастапқы екі сымды шлейфпен байланыстырылады.

Электр қоңырау шалу жүйесі кесте бойынша автоматты түрде қоңырау шалуды көздеуге тиіс.

Автоматты өрт дабылын (АӨД) Қазақстан Республикасының

		аумағындағы қолданыстағы нормаларға сәйкес әзірлеу
	Құрылысты ұйымдастыруды әзірлеудің талаптары мен көлемі	Қолданыстағы нормалар мен талаптарға сәйкес
14	Халықтың жүріс-тұрысы шектеулі топтарының тыныс-тіршілігі жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар	3.0-01-2011 "Ғимараттар мен құрылыс жайларды халықтың жүріс-тұрысы шектеулі топтары үшін қолжетімділікті ескере отырып жобалау. Жалпы ережелер" ҚР ҚН-ға және 3.06-101-2012* ҚР ҚҚ-ға сәйкес
15	Аланды абаттандыруға және шағын сәулет нысандарына қойылатын талаптар	Жалпы білім беретін мектептердің аумағын трансформациялау бойынша, оның ішінде түрлі іс-шаралар мен белсенді демалысты өткізу үшін заманауи шешімдерді қолдану. Аумақты көгалдандыру және сыртқы жарықтандыру бойынша бейқалыпты, тиімді шешімді көздеу. Көгалдандыру кезінде ағаштардың, бұталардың, көпжылдық гүлдер мен шөптердің аз күтімді қажет ететін жергілікті түрлерін көздеу. Оқушылардың жас шамасы тобына сәйкес функционалдық шағын сәулет нысандарын (ШСН) көздеу
16	Қазақстандық қамтуы бар құрылыс материалдарын, бұйымдарды, конструкциялар мен жабдықтарды қолдану жөніндегі талаптар	Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 286 бұйрығымен бекітілген Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің және оларды берушілердің дерекқорына сәйкес
17	Сметалық есеп-қисаптарға қойылатын талаптар	Жобалардағы құрылыстың сметалық құнының есеп-қисаптарын құрылыста баға белгілеу бойынша қолданыстағы нормативтерге сәйкес жүргізу
		Шартқа сәйкес.

18	Үлгілік жобалық құжаттаманың құрамы мен ресімделуіне қойылатын талаптар. Ақпарат жеткізгіштің түрі.	Қағаз және электрондық нұсқалар (PDF, KENML, AutoCad, (.dwg; .gvt) және есеп-қисаптық жобалық бағдарламаларды құрайтын басқа да файлдар), бастапқы-есептеу бағдарламаларында және т.б.). Альбом форматы – MEMСТ-ға сәйкес
19	Жобалау құжаттамасын келісуге қойылатын талаптар	Жұмыс жобасын тапсырыс берушімен келісу. Жобалау кезінде BIM технологиясын қолданған жөн
20	Жобалау құжаттамасының сараптамасына қойылатын талап	Жұмыс жобасына жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізілуге тиіс
21	Бекітуге ұсынылатын жобалау құжаттамасының тіліне және жинақтылығына қойылатын талаптар	1) Жобалау-сметалық құжаттаманың мәтіндік материалын (түсіндірме жазба) мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде ресімдеу. 2) Графикалық материалдардағы мәтіндерді мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде орындауға жол беріледі. 3) Жобалау-сметалық құжаттаманың жиынтығын (графикалық және мәтіндік материал, кестелер) қағаз жеткізгіште төрт данада және бір данасын электрондық жеткізгіште (flash жинақтауыш, CD және т.б.) бекітуге ұсыну
22	Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шараларын және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қойылатын талаптар	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес
23	Объектіге қойылатын экологиялық және санитариялық-эпидемиологиялық шарттарды орындау	Қолданыстағы нормативтердің талаптарына сәйкес. Сертификатталған (экологиялық таза) құрылыс материалдары мен бұйымдарын қолдану
24	Энергия үнемдеу жөніндегі талаптар	Жобада энергия үнемдеу жүйелерін көздеу. Объектінің энергетикалық паспортын жасау

300 білім алушыға арналған жалпы орта білім беретін

300 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептің оқу үй-жайларының құрамы

Р/с №	Кабинет атауы	Кабинет тер саны	Кабинет тегі орындар саны	Орындар жиыны	Үй-жайдың ауданы, м ² *	Үй-жайдың жалпы ауданы, м ² *
1	2	3	4	5	6	7
Білім беру ұйымдарының әкімшілік үй-жайлары						
1	Білім беру ұйымы басшысының кабинеті	1	1	1	35	35
2	Қабылдау бөлмесі-іс жүргізу кабинеті	1	1	1	22	22
3	Әдістемелік кабинет/ мұғалімдер бөлмесі, қабаттардағы мұғалімдерге арналған жұмыс аймақтарын қоспағанда	1	12	12	30-дан кем емес	30-дан кем емес
4	Басшы орынбасарының кабинеті	1	3	3	15	15
5	Бухгалтерия	1	3	3	15	15
Әкімшілік үй-жайлардың жиыны		5	20	20	117	117
Білім беру ұйымдарының жалпы мақсаттағы үй-жайлары						
1	Кітап сақтау қоймасы және оқу залы бар кітапхана (ҚҚ сәйкес)	1				
2	Кітапханамен және оқу залымен біріктірілген жаңғыртылған кітапхана (е-кітапхана)	0		0		0

3	А к т залы-кинолек торий (ҚҚ сәйкес орындар саны)	1				
4	Серверлік бөлме (ҚҚ сәйкес) (жертөле кабаты)	1	0	0	8	8
5	Қыздар мен ұлдарға арналған киім ауыстыратын бөлмелері бар хореография залы	1	0	0	88	88
6	Акт залы жанындағы киім ілетін орын	2		0	10	20
7	Акт залы жанындағы гримдеу бөлмесі	2		0	10	20
8	Тауарлық-мат ериалдық күндылықтар қоймасы () жертөле кабаты)	1		0	20	20
9	Жинау мүкәммалы үй-жайы	2		0	2	4
Әкімшілік үй-жайлардың жиыны		11	0	0	138	160
Жалпы білім беретін мектепте психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттері						
1	Сенсорлық бөлме	1	0	0	20	20
2	Психолог кабинеті	1	1	1	10	10
3	Әлеуметтік педагог кабинеті	1	1	1	10	10
4	Логопед кабинеті () логопедтік пункт)	1	1	1	10	10

5	Білім беру ұйымдары жанындағы инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті	1	10	10	35	35
Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кабинеттерінің жиыны		5	13	13	85	85
Бастауыш білім беру кабинеттері мен үй-жайлары						
1	Бастауыш сыныптарға арналған кабинеттер	4	25	100	63	252
2	Бастауыш мектепте лингвистикалық бағыттағы пәндер бойынша жеке оқытуға арналған кабинет (қазақ Т2 / орыс Т2 / ағылшын Т3)	1	13	13	33	33
3	Мектепалды сыныптардың оқу кабинеті	1	25	25	63	63
4	Мектепалды сыныптардың ойын бөлмесі	1	25	25	63	63
5	Цифрлық сауаттылық, информатика және робототехника сабақтарын өткізуге арналған кабинет	1	13	13	46	46
6	Бастауыш мектепке арналған дене шынықтыру мұғалімінің нұсқаушы бөлмесі (екі оқытушыға есептегенде)	1	3	3	21	21

7	Бастауыш сынып оқушыларына арналған спорт алаңы (далада)	1	50	50	300	300
1 – 4-сыныптардағы оқу сыныптарының жиыны		10	154	229	589	778
Негізгі орта және жалпы орта білім беру кабинеттері мен үй-жайлары						
1	Қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті	1	25	25	63	63
2	Ағылшын тілі кабинеті	1	13	13	33	33
3	Математика – зияткерлік ойындар мен логиканы дамыту кабинеті	1	25	25	63	63
4	Орыс тілі мен әдебиеті кабинеті	1	13	13	33	33
5	Зертханасы бар физика кабинеті (интеграцияланған физика/биология/химия зертханасы)	1	25	25	113	113
6	Информатика кабинеті (ІТ-сынып)	1	13	13	46	46
7	Тарих және мемлекет пен құқық негіздері кабинеті	1	25	25	63	63
8	География кабинеті	1	25	25	63	63
9	STEM-зертхана	1	20	20	70	70
10	Робототехника кабинеті	1	20	20	70	70
	Зертханасы бар биотехнология кабинеті (үлгілік оқу					

11	жоспарларын да пән жоқ. Қажет болғанда физика/химия кабинеттерімен біріктіруге болады)	1	25	25	113	113
12	Зертханасы бар нанотехнологиялар кабинеті (үлгілік оқу жоспарларын да пән жоқ. Қажет болғанда физика/химия кабинеттерімен біріктіруге болады)	1	25	25	113	113
13	Зертханасы бар биология кабинеті (интеграцияланған физика/биология/химия зертханасы)	1	25	25	113	113
14	Зертханасы бар химия кабинеті (интеграцияланған физика/биология/химия зертханасы)	1	25	25	113	113
15	"Бейнелеу өнері" (5 – 9-сыныптар), графика және жобалау (10 – 11-сыныптар) біріктірілген кабинеті (басқа кабинеттермен біріктіруге болады)	1	25	25	63	63

16	"Үй мәдениеті" шеберханасы	1	13	13	46	46
17	"Тамақтану мәдениеті" бөлімі бойынша шеберхана	1	25	25	63	63
18	"Дизайн және технология" шеберханасы	1	13	13	46	46
19	Ұсынылатын "Қыш студиясы" ("Үй мәдениеті" шеберханасы мен біріктірілген)	0		0		0
20	Дене шынықтыру оқытушыларының кабинеті (2 оқытушыға есептегенде)	1	3	3	15	15
21	Керек-жарак пен жабдықты сақтауға арналған үй-жай	1	0	0	15	15
22	Негізгі және орта буындағы спорт алаңы (далада)	1	50	50	300	300
23	Спорт залы	1	25	25	648	648
24	1 – 6 - сыныптарға арналған музыка кабинеті	1	25	25	63	63
25	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық кабинеті	1	25	25	113	113
26	Қару-жарак сақтауға арналған бөлме (АӘД кабинетімен біріктірілген)					

5 – 11-сыныптардағы оқу сыныптарының жиыны		24	508	508	2 441	2 441
Құрылыс жобасында көзделген үй-жайлар (№ 70 бұйрықпен жабдықталмайды)						
1	Бастауыш сыныптарға арналған коворкинг (рекреацияны, холлды пайдалануға болады)	1	25	25	50	50
2	Негізгі және орта мектептің білім алушыларына арналған коворкинг (рекреацияны, холлды пайдалануға болады)	1	25	25	50	50
3	Мұғалімдерге арналған коворкинг (рекреацияны, холлды пайдалануға болады)	1	25	25	50	50
4	Білім алушыларға арналған асхана (3.02-111-2012 "Жалпы білім беру ұйымдары" ҚР ҚҚ-ға сәйкес)	1				
5	Толық өндірістік циклде шикізатпен жұмыс істейтін ас блогы (ҚҚ-ға сәйкес)	1		0		
6	Медициналық блок (дәрігер/ медицина қызметкері кабинеті,	1	0	0		60

	окшаулағыш, емшара бөлмесі)				60	
7	Мұғалімдерге арналған киім ілетін орын	1	25	25	10	10
8	Себезгісі және санитариялық торабы бар қыздар мен ұлдарға арналған спорт блогының киім ауыстыратын бөлмелері	2	13	26	28	56
9	Кадрлар бөлімі маманының кабинеті	1	1	1	15	15
10	Заңгер – кәсіптік бағдар беруші кабинеті	1	1	1	15	15
11	Шаруашылық меңгерушісінің кабинеті	1	1	1	15	15
12	Техникалық персоналға арналған үй-жай	1	0	0	10	10
13	Асханаға арналған қол жуатын бөлмелер	1		0	25	25
14	Диспетчерлік пункті бар күзет бөлмесі (бейнебақылау және құлақтандыру жүйесі жабдығымен)	1	2	2	15	15
Жобада көзделген үй-жайлардың жиыны		15	118	131	343	371
БАРЛЫҒЫ		70	813	901	3 713	3 952

* ЖСҚ әзірлеу кезінде үй-жай ауданының ±20 %-ға өзгеруіне жол беріледі

Үкіметінің
 2023 жылғы 31 қазандағы
 № 957 қаулысына
 2-қосымша
 Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2022 жылғы 30 қарашадағы
 № 963 қаулысымен бекітілген
 "Жайлы мектеп" білім беру
 саласындағы пилоттық
 ұлттық жобасына
 2-қосымша

600 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектепті жобалауға арналған тапсырма _____ (объектінің атауы және орналасқан орны)

P/c №	Негізгі деректер мен талаптардың тізбесі	Көрсеткіш, талаптар, шарттар
1	2	3
1	Әзірленетін жобалау құжаттамасының атауы	"600 білім алушыға арналған жалпы білім беретін орта мектептің құрылысы" жұмыс жобасы
2	Жобалау құжаттамасына тапсырыс беруші	
3	Жобалау құжаттамасын әзірлеуші	Конкурс бойынша айқындалады
4	Әзірлеу үшін негіздеме	
5	Жобалау және құрылыс түрі	Жұмыс жобасы. Тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объект
6	Жобалау кезеңділігі	Бір сатылы – жұмыс жобасы
7	Нұскалық әзірлеуге қойылатын талап	Талап етіледі. Алдын ала сәулет-жоспарлау шешімдерін (нобайлық жоба) жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен келісу _____
